

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 142 (9204) 1953 жылғы 18 июль Сенбі Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Совет саудасын өрістетіп берейік.

Біздің елімізде халық дәулеті, кооператив-колхоз меншігі қала мен ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқатын, мәдениет дәрежесін оған сайын көтерін, жақсарту беруге арналған. Сондықтан да совет адамдарының материалдық тұрмысы жылдан-жылға жақсарып, өмірі қуанышты, көңілді болып келеді. Жұмысшылар мен қызметшілердің еңбекақысы үнемі өсіп, колхозшы шаруалардың кірісі молаюмен бірге өнеркәсіп пен азық-түлік товарларының молшылығы жасалынып, олардың бағасы жылма-жыл арзандатылуда. Сырт киімдер мен аяқ киімдердің, маталар мен үй қыздарының халықтың көпшілігіне керекті түрлері ай, тоқсан сайын молайып, оның ассортименті көбейіп түседі.

Кітап салатын шкаф, жұмсақ диван, мотоцикл, велосипед, радиоқабылдағыш ауыл-село мен қала еңбекшілерінің үйреншікті бұйымына айналып, олардың үйлеріне әдемі түр, мәдениетті кескін беруде.

Алайда, қол жеткен табысқа масаттану совет адамдарының дәстүрі емес. Коммунистік партия мен Совет үкметі үнемі ілгерілей беруге, табыстан табысқа жете беруге шақырып, болашағымызды күңі бұрын болжап отырды, оған зор сеніммен қарауды үйретеді. Сондықтан, халқымыздың әл-ауқат және мәдениет дәрежесі күн санап шарықтап, советтік өміріміз қызғылықты, қуанышты бола беретін болады.

Совет сауда жұмысына, товар айналымы жоспарларының артығымен орындалуына, халыққа, әсіресе, ауыл-село еңбекшілеріне керекті товарлардың көп және дерезінде жеткізіліп тұруына үнемі көңіл бөліп отыру қажет.

Соңғы жылдары облыста совет сауда жұмысы едәуір жақсарды. Товар айналымының жоспарын асыра орындап, еңбекшілерді мәдениетті түрде қамтуды қамтамасыз еткен жекелеген сауда орындары

былға бастайды. Ол партия мен үкмет жүктеген міндеттерді орындау дәрежесінен кейін қалады.

Бұған қаладағы шаруашылық есептегі № 1 дүкеннің жұмысы толық дәлел. Дүкен жартыжылдық товар айналымының жоспарын небары 71-ақ процент орындады. Ал, бұл бұрын таңдаулы дүкендердің бірі болып есептелінетін. Тіпті ол өткен жылы жарыстағы үздік көрсеткіштері үшін Бүкілодақтық сыйлықты да алған. Ендеше дүкен жұмысының бйылы осындай өте төмен болуын немен түсіндіруге болады? Оны дүкен басшылығының коллективке басшылық ете білмегендігімен ғана түсіндіруге болады. Анығында дүкен меңгерушісі А. Малкова жолдас дүкен қызметкерлерін товар айналымын ұлғайта беру жөніндегі жарыста алған міндеттемелерді жүзеге асыруға жұмылдыра білмеген, дүкен қызметкерлерінің саяси білімі мен іскерлік қабілетін арттырудың орнына, коллектив мүшелерінің пайдалы ұсыныс-пікірлерімен есептесудің орнына дүкен қызметкерлеріне сенбейтін болған, барлық жұмысқа өзі жүгіріп, бәрін бір өзі тындыруға әрекеттенген, коллективтің үнін, еркін тұншықтырып отырған. Осыдан кейін дүкен қызметкерлері совет сауда жұмысын жақсарту беруге бұрынғыдай белсенділік көрсетпей, селсіқтыққа салынған. Оның үстіне бұл дүкенге келген товарды тұтынушылардан жасырып, өзара бөлісу, еңбекшілерді алдау сияқты совет сауда принциптерінің рухына жатпайтын бұрмалаушылықтар орып алған. Ал, қалалық сауда бөлімі № 1 дүкеннің жұмысындағы осы кемшіліктерді біле тұрса да оны жоюға дереу батыл шаралар қолданбай келеді.

Ауыл-селолық жерлерде жергілікті тұтынушылар ағағына сеніп, совет сауда жұмысына көңіл бөлмейтін, товар айналымының орындалмауына жаны ауырмайтын басшылар бар. Мәселен, Октябрь ауданы Жамбыл атындағы колхоздың

ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының 1953 жылғы бірінші жартыжылдықта орындалу қорытындылары туралы

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Санақ Басқармасының хабары

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы мен транспорттың өркендеуі, күрделі құрылыстың өсуі, товар айналымының өрістетілуі, жұмысшылар мен қызметшілер санының көбеюі және мәдениет құрылысының арттырылуы мынадай мәліметтермен сипатталады:

ӨНЕРКӘСІПТЕ ӨНДІРІС ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Өнеркәсіпті тұтас алғанда жалпы өнім шығарудың бірінші жартыжылдық жоспары 100 процент орындалды. Жеке министрліктер өнеркәсіптің жалпы өнім шығару жоспарын төмендегідей орындады:

Металлургия өнеркәсіп министрлігі	99
Көмір өнеркәсіп министрлігі	101,1
Мұнай өнеркәсіп министрлігі	100,5
Химия өнеркәсіп министрлігі	102
Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігі	101
Машина құрылысы министрлігі	100,2
Транспорт және ауыр машиналар жасау министрлігі	99
ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі	97
ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі	93
ССРО Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрлігі	101
ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің өнеркәсіп орындары	100,6
Жол қатынас министрлігінің өнеркәсіп орындары	100,4
ССРО Мәдениет министрлігі өнеркәсіп орындары	103
Денсаулық сақтау министрлігінің өнеркәсіп орындары	95
Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен одақтас республикалардың жергілікті және отын өнеркәсіп министрліктері	100,7
Кәсіпшілік кооперациясы	99,3

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында шойын, сланец, мұнай, табиғи газ, бензин, керосин, электр қуаты, гидрогенераторлар, газогенераторлардың двигательдері, металл кесетін станоктар, оның ішінде ірі, ауыр және уникалды станоктар, автомобильдер, троллейбустер, трамвай вагондары, зығыр комбайндары, күрделі молотилкалар, кен машиналары, трактор скреперлері мен бульдозерлері, подшипниктер, синтетикалық фенолдар, минералдық тыңайтқыштар, ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне зиянды жәндіктерге қарсы күрес үшін үу химикаттары, бойғыштар және басқа химикаттар, синтетикалық каучук, автомобильдердің резина доңғалақтары, жалғастыратын аспаптар, транспортер ленталары, қараз, спирт және басқа өнеркәсіп өнімдерінің түрлерін шығару жоспары артығымен орындалды.

Бірінші жартыжылдықтың жоспары мақта-қағаз, көнен, қылқбыр және жібек маталарын, былғары және резина аяқ киімдерін шығару, ет, өсімдік майы, кондитер заттары, мороженое, консерв, чай, жүзім және жеміс-жидек парабтарын, сабын, папирос, еңбекшілерге арналған басқа да товарларды өндіру жөнінен артығымен орындалды.

Алайда, өнеркәсіптің барлық салаларында бірдей өнімнің жекелеген түрлерін шығару жөніндегі тамайындалған жоспарлы тапсырма толық орындалмады. Мәселен, металлургия өнеркәсіп министрлігі қара металл прокатының кейбір түрлері, көмір өнеркәсіп министрлігі кокстелетін көмірдің жекелеген маркалары жөніндегі тапсырманы, мұнай өнеркәсіп министрлігі мұнай өнімдерінің кейбір түрлерін өндіру жоспарын, электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігі электр жабдықтарының жекелеген түрлерін өндіру жоспарын, машина жасау министрлігі ұста-пресс және химия жабдықтарының жекелеген түрлерін және жекелеген ауылшаруашылық машиналарын өндіру тапсырмасын, транспорт және ауыр машиналар жасау министрлігі котелдердің, турбиналардың және прокат жабдықтарының жекелеген түрлерін, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі кірпіш, шатыр жабатын материалдардың және канализациялық трубалардың жекелеген түрлерін, ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі құрылысқа қажетті ағашты тасу және кесу материалдары мен пиналдар өндірісі жоспарын орындамады.

ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІ ӨНДІРІСІНІҢ ӨСУІ

1953 жылғы бірінші жарты жылдықта өнеркәсіп өнімдерінің аса маңызды түрлерін өндіру 1952 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда мынадай мөлшерде арттырылды:

байндар саны 33 процент, трактор және өздігінен жүретін шөп машиналарының саны 42 процент артық. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы көптеген ат шөп машиналарын, астық жыйнайтын және бастыратын басқа да машиналар алды. Ауыл шаруашылығында жүк автомобильдерінің паркі осы мерзім ішінде 6 процент көбейді.

1953 жылғы 1 июльге колхоздардағы қоғамдық мал басы 1952 жылғы 1 июльдегімен салыстырғанда мынадай мөлшерде артты: сыйыр—4 процент, шошқа—7 процент, қой—11 процент, жылқы—4 процент. Колхоздардағы құстың саны 12 процент көбейді. Алайда, қоғамдық мал басы мен құстың өсу қарқыны жоспарлы тапсырмалардан кейін қалып келеді. Осы мерзім ішінде совхоздардағы қоғамдық мал басы мынадай мөлшерде көбейді: сыйыр—8 процент, шошқа—6 процент, қой—12 процент, жылқы—7 процент. Совхоздарда құс 15 процент өсті.

IV. ТЕМІР ЖОЛ ЖӘНЕ СУ ТРАНСПОРТЫ МЕН ЖҮК ТАСУДЫҢ ӨСУІ

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында темір жол транспортында жүк тиеудің орта тәуліктік жалпы жоспары 100,8 процент орындалды, алайда, жекелеген темір жолдар өздеріне тағайындалып берілген жүк тиеу жоспарын орындай алмады.

Темір жолдарда 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында барлық жүктері орта тәуліктік тиеу 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтағыдан 6 процент артты, оның ішінде көмір тиеу—4 процент, кокс—12 процент, мұнай және мұнай өнімдері—10 процент, кен—12 процент, кара металдар—8 процент, минералдық-құрылыс материалдары—11 процент, астық—8 процент, ұн—14 процент, қант—17 процент артты.

1953 жылғы бірінші тоқсанда жүк вагоны айналымының мерзімі 1952 жылғы бірінші тоқсандағыдан орта есеппен 3 процент қысқарды.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында теңіз және өзен транспортының жүк айналымының жоспары тұтас алғанда 102 процент орындалды, бірақ жекелеген жүктерді тасу жоспары орындалған жоқ.

1952 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда теңіз транспортының жүк айналымы 1953 жылғы бірінші жартыжылдықта 14 процент, ал, өзен транспортының жүк айналымы 22 процент артты.

Автомобиль транспортының жүк айналымы 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтағымен салыстырғанда 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында 15 проценттен аса артты.

V. КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ӨСУІ

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік күрделі құрылыстың көлемі 1952 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 104 процент болды. оның ішінде металлургия өнеркәсібінде—108 процент, отын өнеркәсібінде—102 процент, электр станциялары мен электр өнеркәсібі бойынша—105 процент, машина жасауда—108 процент, құрылыс материалдары өнеркәсібінде—108 процент, ағаш және қағаз өнеркәсібінде—109 процент, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде—108 процент, темір жол транспортында—113 процент. Алайда, 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында министрліктер құрылыс жоспарын орындамады.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында кең көлемде тұрғын үй, мектеп, денсаулық сақтау мекемелері, балалар бақшалары, яслилері, пионер лагерлері, кино-театрлар және басқа мәдени құрылыстық мекемелер құрылысы жүзеге асырылды. 1953 жылғы бірінші жартыжылдықта күрделі жұмыстардың көлемі 1952 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда мынадай болды: тұрғын үй құрылысы жөнінде—107 процент, мектеп құрылысы жөнінде—117 процент, ауруханалар мен емдеу орындары құрылысы жөнінде—116 процент, балалар бақшалары мен яслилері құрылысы жөнінде—130 процент.

Құрылыс министрлігі 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында құрылыс-монтаж жұмыстарын 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтағыдан 10 процент артық атқарды. Алайда, 1953 жылдың бірінші жартыжылдығының жоспары толық орындалған жоқ.

VI. ТОВАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ӨРІСТЕТІЛУІ

1953 жылғы бірінші жартыжылдықта совет саудасының оған әрі өрістетілгендігі байқалды. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісі саласында қол жеткен жаңа табыстар, еңбек өнімділігінің арттырылуы және өнімнің өзіндік құнының кемітілуі негізінде үкмет 1953 жылғы 1 апрельден бастап, карточка системасы жойылғаннан кейін жаңадан, алтыншы рет азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік болшек сауда бағаларының кемітілуін жүзеге асырды. Бағалардың

аз емес. дегенмен, сауда орындарының жұмысында елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығын жасыруға болмайды. Облысты тұтас алғанда товар айналымының жоспары көптен бері орындалмай келеді. Бірінші жарты жылдықта товар айналымының жоспары облыс бойынша орындалмады.

Бір ғана қалаң сауда орындары қала еңбекшілеріне өнеркәсіп пен азық-түлік товарларын жоспардағыдан 5 миллион 450 мың сом кем берді. Сауда орындарының кейбір дүкендері мен ларектерінде товарларды және азық-түлікті кем өлшеу, кем безбендеу әдетінің, сонымен бірге дүкеншілердің өздеріне ұнаған товарларды жасырып қалуы, өзара бөлісуі, олардың тарапынан болатын өрескелдік, мемлекет қаражатын талан-таражға салу фактылары әлі де кездеседі.

Бұл кемшіліктердің болу себебі неден? Оның басты себебі сауда қызметкерлерінің саяси және жалпы білім дәрежесінің тым төмендігінен. Сауда қызметкерлерінің арасындағы саяси-тәрбие жұмысы мен сын және өзара сынның өрістетілуіне жергілікті партия, совет ұйымдары жете маң бермей келеді. Социалистік жарыс айғай-шу үстінде жасалынып, қолдар қойылады да жұмысты жақсартуға бағытталған коллективтің творчестволық ұсыныстары мен белгіленген шаралар қағаз жүзінде қалып қояды. Жарыста алынған міндеттемелердің орындалуы тексерілмейді. Жұмыстағы кемшіліктер сыналмай, әлеуметтік мәселелер тамыр-таныстық, жағымпаздық, бірінің бірі көңілін жықпау, бірін бірі сүйемелеу сияқты принципсіздік жолмен шешіліп, коллективтің еркіне, оның жаңашыл ұсыныстарының орындалуына бөгет жасалынады. Осының салдарынан сауда орындарының жұмысы

Жаңажол бригадасындағы ларек тұтынушылардың тілегіне сай жұмыс істемей отыр. Ларек көбінесе жабық тұрады. Товарлардың сақталуы нашар. Ал, Есіл ауылдық Советінің председателі С. Байдалына, партия ұйымының секретары Қ. Сейдуов жолдастар ларек сатушысының өз ісіне жауапсыз қарайтындығын және ларектің өзі колхоз кеңесінің бір бұрышында сығылысып тұрғанын күнде көріп жүрсе де пайдасыз шыдамдылық көрсетіп келеді. Егер жоғарыда аталған басшы жолдастар совет сауда жұмысына көңіл бөлген болса, ларек үймен қамтамасыз етіліп, оның жұмысы сөзсіз жақсарған болар еді.

Совет сауда жұмысындағы кемшіліктерге төзе беруге болмайды, өйткені, ол совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін үнемі жақсартуға беру ісіне бағытталып, халық бұқарасының күнделікті қажетін өтеуге толық бағындырылған. Сондықтан колхоз бен совхозда, аудан орталығы мен қалада партия, совет ұйымдары сауда орындарының жұмысын әрдайым бақылауға алып тексеріп отыруға, оның жұмысындағы кемшіліктерді асқындырмай дерезінде ашып, жою жөнінде сауда орындарына көмектесіп отыруға, сауда кадрлары арасында тәрбие жұмысын мейлінше жақсартып, олардың саяси сенімді ақтай алатындығы мен іскерлік қабілетіне қарай іріктеп алу ісін алға қойылған талапқа сай жүргізуге тиіс. Совет саудасы халық мүддесін орындауға тікелей байланысты мемлекеттік мәні бар жауапты сала болып табылады. Оны қашанда болсын партия, совет бақылауынан шығаруға болмайтындығын аудандық, қалалық және ауыл-селолық жерлердегі партия, совет ұйымдары әрқашан есте мықтап ұстауға міндетті.

Бүкілодақтық физкультурашылар күні қарсаңында

19 июльде, жексенбі күні, совет халқы Бүкілодақтық физкультурашылар күнін атап өтеді.

Мерекеге Москва спортшылары қызу өзірленуде. 17 июльде М. Горький атындағы Орталық мәдениет және демалу паркінің Жасыл театрында астана физкультурашыларының жыйналысы болады. Сонан кейін гимнасттар мен акробаттардың көрнекті ойындары өткізіледі. Оған спорт гимнастикасы жөніндегі ССРО-ның үздік чемпиондары, спорттың еңбек сіңірген мастерлері мен мастерлер қатысады. Рингте еліміздің ең күшті боксшылары кездеседі.

18 және 19 июльде Москва стадиондарында астана спорт қоғамдарының ең күшті физкультурашыларының жаппай ойыны болады.

19 июльде «Динамоның» Орталық стадионында үлкен спорт мерекесі өткізіледі. Ол физкультурашылардың парадмен ашылады. Гимнасттар мен акробаттар мерекеге алуан түрлі программа

өзірлеген. Әртүрлі қашықтыққа жүгіру және эстафета жарысы, секіру, ядро, диска лақтыру жарыстарына еліміздің ең күшті жеңіл атлеттері қатысады. Москва стадионында спорт қоғамдарының Москвалық командалары «Торпедо» мен «Локомотив» кездеседі.

Су спорты жақсы көрушілер 19 июльде «Динамоның» су станциясына жыйналады. Мұнда спорт мастерлерінің 100, 200 және 400 метр қашықтыққа әртүрлі өдістермен жүзугі өткізіледі. Сол сияқты «Торпедо», «Динамо», «Еңбек резервтері» және Совет Армиясының Орталық Үйінің командалары арасында су бетінде доп ойыны өткізіледі. Қорытындысында желкенді кемелер мен скутерлерде жарыс өткізіледі.

«Сталинец» стадионында осы күні көсіподақтардың жас спортшылар мектептеріндегі оқушылардың бүкілодақтық жарыстары өткізіледі.

(СОТА).

1952 жылғы бірінші жарты жылдықпен салыстырғанда 1953 жылғы бірінші жартыжылдықта процент көрсеткіштері

Шойын	112
Болат	109
Прокат	109
Темір жол рельстері	115
Болат трубалар	114
Мыс	103
Мырыш	114
Қорғасын	119
Көмір	106
Мұнай	111
Бензин	109
Керосин	124
Дизельдік отын	113
Табиғи газ	106
Электр қуаты	114
Магистральдік паровоздар	163
Магистральдік электровоздар	117
Троллейбустар	152
Автомобильдер	113
Мотоциклдер	121
Шарик және ролик подшипниктері	112
Мұнай аппаратурасы	127
Металлургия жабдықтары	111
Экскаваторлар	106
Бу турбиналары	130
Үлкен су турбиналары	111
Турбогенераторлар	162
Су генераторлары	186
Ірі электр машиналары	133
Электр моторлары	112
Электр лампалары	106
Металл кесетін станоктар	115
Химиялық жабдықтар	125
Жіп иіру машиналары	102
Тоқу станоктары	120
Есеп машиналары	108
Тракторлар	107
Қант қызылшасы комбайндары	122

1953 жылғы бірінші жартыжылдықта ССРО бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтарыдан 10 процент артты.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында өнеркәсіпте жабдықтарды пайдалану 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтарыдан жақсара түсті. Металлургия өнеркәсібінің заводтарында домна және мартен пештерін пайдалану жақсарды. Мұнай өнеркәсіп министрінің кәсіпорындарында пайдалану және барлап бұрғылаудың шапшаңдығы артты; өңделетін шикізаттан алынатын таза мұнай өнімдерінің проценті көбейді. Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрінің аудандық электр станцияларында электр қуатын өндіруге арналған отынның шығыны кеміді. Жасанды аммиак, кальцийленген және каустикалық сода өндірісі жөніндегі қуаттарды пайдалану жақсарды. Цемент өнеркәсібінде қуаттарды пайдалану жақсарды, мақта мата, жүн және жібек мата өнеркәсібінде жабдықтарды пайдалану жақсарды.

1953 жылғы бірінші жартыжылдықта өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнын кеміту шамасы 4 проценттей болды.

III.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Колхоздар, машина-трактор станциялары мен совхоздар көктемгі өгісті ойдағыдай өткізіп, дөңді дақылдар егу жоспарын орындады. 1953 жылы барлық дақылдардың өгіс көлемі өткен жылғыдан артық болды. Аса бағалы дөңді дақыл — бидайдың өгіс көлемі едәуір артты. Қант қызылшасы мен майлы дақылдар өгісі ұлғайды. Көпжылдық шөптердің шабындық алаңы артты және біржылдық шөптер, мал азығындық жеміс тамырлары мен сүрленетін дақылдар өгісі кеңейтілді. Зығыр және картоп егу жөніндегі жоспарлы тапсырмалар толық орындалмады.

Үстіміздегі жылы машина-трактор станциялары, совхоздар мен колхоздар егін жыйнауға 1952 жылғыдан көрі техникамен мейлінше толық жабдықталып кірісті. Астық жыйнайтын комбайндардың саны 1953 жылдың 1 июліне 1952 жылдың 1 июлінегіден 10 процент артық болып отыр. Оның ішінде өздігінен жүретін ком-

1952 жылғы бірінші жарты жылдықпен салыстырғанда 1953 жылғы бірінші жартыжылдықта процент көрсеткіштері

Каустикалық сода	113
Кальцийленген сода	120
Минералдық тыңайтқыштар	107
Ауылшаруашылық дақылдарына зиянды жәндіктерге қарсы қолданылатын улы химикаттар	130
Синтетикалық бояулар	107
Синтетикалық каучук	113
Автомобильдердің резина доңғалақтары	102
Қағаз	111
Цемент	115
Өңбек шынылары	117
Шифер	122
Үй төбесін жабатын жұмсақ материалдар	113
Кірпіш	117
Стандартты үйлер	116
Велосипедтер	108
Потенциалдар	125
Тігін машиналары	126
Сағаттар	116
Фотоаппараттар	107
Пианино және рояльдар	124
Мақта мата	106
Жүн мата	109
Жібек мата	152
Ет және шұжық тағамдары	105
Балық	98
Мал майы	101
Сүт өнімдері	100
Қою сүт	119
Өсімдік майы	122
Сыр	112
Кондитер тағамдары	109
Консервтер	114
Чай	108
Сабын	113
Спирт	119
Жүзім шарабы	128
Сыра	106
Паширос	116

бақылданып кететін совет томын оған әрі ұлғайтуға, оның сабын сату, жуығын арттырылуына және еңбекшілерге товарларды сатуды оған әрі ұлғайтуға көмектесті.

Үкімет 1953 жылы еңбекшілерге сату үшін көпшілік қолды товарларды өндіру және жеткізу жөнінде қосымша 20 миллиард сом мөлшерінде тапсырма белгіледі. 1953 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде мемлекеттік және кооперативтік сауда жүйесі бойынша еңбекшілерге сатылған товар 1952 жылдың бірінші жартыжылдықтығысынан 15 процент көп болды. Мұның үстіне 1953 жылдың екінші тоқсанында бағалардың кемітуі, көпшілік тұтынатын товарлар өндірісінің өсуі және үкіметтің базар қорларын арттыру жөніндегі басқа шараларды жүзеге асыруы нәтижесінде еңбекшілерге азық-түлік және өнеркәсіп товарлары 1952 жылғы екінші тоқсандығыдан 23 процент артық сатылды.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында жекелеген азық-түлік товарларын сату 1952 жылғы бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда мынадай мөлшерде артық болды: ет және ет өнімдері—30 процент, балық және балық өнімдері—2 процент, мал майы—26 процент, өсімдік майы және басқа тағамдық майлар—14 процент, сыр—23 процент, жұмыртқа—18 процент, қант—25 процент, кондитер тағамдары—18 процент, чай—18 процент.

Өнеркәсіп товарлары ішінен мынадай товарлар сату өте-өте ұлғайтылды: мақта-мата—14 процент, жібек мата—34 процент, тігулі киім—29 процент, тоқыма заттары—24 процент, шұлық және ұйық—27 процент, былғары аяқ киім—24 процент, сағаттар—28 процент, тігін машиналары—32 процент, мебельдер—34 процент, тозаң сорғыштар—32 процент, патефондар—22 процент, телевизорлар—үш есе. Еңбекшілерге жеңіл автомашиналар сату 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтығыдан 72 процент, мотоциклдер—33 процент және велосипедтер—13 процент артық болды. Алайда, бірқатар аудандарда еңбекшілердің товарларға деген тілегі әлі толық қанағаттандырылмай келеді.

Мемлекеттік және кооперативтік дүкендерде ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудың аргумымен қатар 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында колхоз базарларында еңбекшілерге бұл өнімдерді сату, әсіресе, жаздық бидай ұнын, жарма, жұмыртқа, картоп және омыс, күс және бал сату арта түсті. 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында колхоз базарларындағы бағалар кеміді.

VII.

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕР САНЫНЫҢ КӨБЕЮІ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ АРТУЫ

ССРО халық шаруашылығында жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1953 жылғы бірінші жартыжылдықтың аяғында 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтың аяғындағы санмен салыстырғанда 1.150 мың адам артық болды. Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста және транспортта жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1.030 мың адамға дейін, ал, оқу, ғылыми-зерттеу және емдеу мекемелерінде 120 мың адамға артты.

Өткен жылдардағыдай, 1953 жылы да ел ішінде жұмыссыздық болған жоқ. Бірінші жартыжылдықта фабрика-завод оқуы мектептерін, тау-кен өнеркәсіп мектептерін 100 мыңнан аса жас маман жұмысшылар бітіріп, өнеркәсіпке, құрылысқа және транспортқа жұмысқа жіберілді. Өнеркәсіптегі жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1952 жылғы бірінші жартыжылдықтағыға қарағанда, 1953 жылғы бірінші жартыжылдықта 5 процент өсті.

VIII.

МӘДЕНИЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Жетіжылдық және орта мектепті бітіргендердің саны, жұмысшы және село жастары мектептерін қоса есептегенде, өткен жылғыдан 18 процент көп болды, оның ішінде орта мектептерді бітіріп, аттестат алғандардың саны 37 процент артты.

Үстіміздегі жылы, сырттан оқийтындарды қоса есептегенде, жоғары оқу орындары мен техникумдарды 500 мыңнан аса жас мамандар бітіріп шығады.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында баспадан шыққан кітаптардың тиражы 1952 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 20 процент артық болды. Сонымен қатар, бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерге арналған оқулықтардың тиражы 58 процент артты.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығында еңбекшілерге медициналық көмекті өрістете жүргізу оған сайын жақсара түсті. Мұның өзі ССРО-да тегін жүзеге асырылатыны жұртқа мәлім. Ауруханалардың, айелдер босанатын үйлердің, санитарийлер мен демалыс үйлерінің жүйесі кеңейтілді. Олардың емдеу, диагностикалық аппаратуралармен жабдықталуы артты. 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында медициналық жабдықтар мен аспаптарды өндіру өткен жылғы бірінші жартыжылдықтағыдан 14 процент артық болды.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында 20 мыңға жуық адам еңбек-ақысын сақтай отырып, жыл сайын барлық жұмысшылар мен қызметшілерге берілетін, кезекті демалыстарын пайдаланды.

* * *


1951 жылғы жоспардың және 1952 жылғы жоспардың орындалу барысындағы сыяқты 1953 жылдың бірінші жартыжылдығында да халық шаруашылығы мен мәдениеттің өсуі партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қойылған міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылып келе жатқандығын дәлелдейді.

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Санақ Басқармасы.

Жемшөп дайындау жұмысын кеңінен механикаландырайық

Шөп жыйнағыш-маялағыш

НАЛОБИН МТС-І КОЛХОЗДАРДА ПШЕН ЖЫЙНАУ, МАЯЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН КОМПЛЕКСТІ МЕХАНИКАЛАНДЫРУДА



Партияның XIX съезінде жасаған есеңгі баяндамасында Маленков жолдас: «Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет бұдан былайда колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін еналды мен барлық колхоздар мен совхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау қажет, малды жақсы қоралармен қамтамасыз ету қажет, сол сияқты, мал шаруашылығындағы жұмыстарды кеңінен механикаландыру қажет» деп атап көрсетті.

Налобин МТС-нің механизаторлары жемшөп дайындаудың маңызы ермеше зор екенін жете түсініп, бұл жұмысты комплексті механикаландыруға жетісуде. МТС қамтуындағы колхоздарда пішен шабу, жыйнау жұмыстары техника күшімен атқарылады. Бйылы МТС-тің бір топ мамандары жаңа пішен жыйнағыш-маялағыш жасап, іске қосты. Бұл шөп жыйнағыш-маялағышты колхоздарда жемшөп өндіруге пайдалану әрі тиімді, әрі пайдалы. Бұл агрегат шөпті атжалда жатқан күйінде жыйнап, маяға салады. Оның сүйретпесіне толтырылған пішеннің салмағы 30 центнерге жетеді.

Машина «Д—54» тракторына тіркеледі. Онымен 10 сағаттың ішінде 500—600 центнер шөп жыйнап, маялауға болады. Агрегатта бір машинист-регулятор, бір тракторшы, бункерден сүйретпеге түскен шөпті нығыздап, маялап тұратын 6 адам жұмыс істейді. Шөп жыйнағыш-маялау

тап, жөнелтіп отыруға, оның ысырап болмауына жағдай жасайды.

Пішен жыйнағышқа заводтық типті көтерме механизм (регулятор) орнатылған. Ол шөп жыйнағыш-маялағышты жердің дең, ояңдығына қарай көтеріп, түсіруді, валдың штифтерінің майысын сындыруын, шөптің түгел жыйналуын қамтамасыз етеді.

3. ТРАНСПОРТЕР

Транспортер машинаның алдыңғы жағынан 40 градусық бұрыш жасап көлбеу орнатылған. Транспортердің ұзындығы 5 метр, көлденеңі 160 сантиметр. Желді қалқанның (щит) биіктігі 60 сантиметр. Транспортер «45x45x5» темірден жасалған. Транспортердің жоғарғы жағына мойнықасақ (горловина) орнатылып, ұзындығы 2 метр полотноммен жабылады. Мұның өзі машинаның желді күндері де жұмыс істеуіне және шөптің ұшып, ысырап болмауына мүмкіндік береді. Планкалар ағаштан жасалып, әрқайсысы 45 сантиметр аздақтықта орнатылып, шынжырларға тойтарма шегелер арқылы бекітіледі. Транспортерге «СЗК» комбайнының 38. миллиметрлі «ШАГ» шынжырлары пайдаланылады. Планкалар мен шынжырлардың звеноларын бір-бірімен қосу үшін қалыңдығы 4 миллиметрлік пластинкалы темір қаңбатырды пайдалануға болады. Планкалардың әрқайсысына 6 штифтен қойылады. Ал, штифтер жуандығы 5 миллиметрлік сымнан жасалады.

Транспортердің төменгі және жоғарғы

бар. Ол шөп маялағанда сүйретпенің жеңіл жылжуына жағдай жасайды.

Шөп жыйнағыш (подборщик) арқылы атжалдағы пішен транспортерден бункерге, бункерден сүйретпеге түсіп тұрады. Сүйретпеге жұмыс істейтін 4 адам түскен шөпті біртіндеп басып тығыздап отырады. Сүйретпе шөпке әбден толып болған соң, оның арт жағындағы қақпаны ашу керек. Бұдан кейін үйілген шөп сүйретпеден сырғып түсіп, мая болшы қалып отырады. Міне, шөп жыйнағыш-маялағыштың құрылысы мен атқаратын жұмысы қысқаша осындай. Төменде осы шөп жыйнағыш-маялағыштың «Путь к коммунизму» колхозында бір күнді істеген жұмысы туралы айтып қоямыз.

Налобин МТС-нің директоры Андриушков жолдас:

—Мына жұмыс істеп жүрген біздің МТС-тің шөп жыйнағыш-маялағышы, — дейді. —Бұл шабылған шөпті атжалдан жыйнап, маялауға өте мөте қолайлы машина. Жұмыс өнімділігі жоғары. Мұндай машинаны жасап, іске қосып, МТС қамтуындағы колхоздарда жемшөп, дайындауды өрсесе, пішенді жыйнап маяға салуды комплексті механикаландыруға мүмкіндік алдық.

Машина біздің көз алдымызда 25 минуттың ішінде 30 центнердей шөпті атжалдан жыйнап, маяға сады. Тракторшы Брюшкевич жолдас өзінің «Д—54» тракторына шөп жыйнағыш-маялағышты тіркәп, байыптылықпен жұмыс істеп жүр. Ол жердің ынтайына, атжал-

БУДЕННЫЙ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДА

Селодағы мәдениет орталығы

Колхоз клубы село еңбекшілерінің мәдениет орталығына айналды. Мұнда колхозшыларға жиі-жиі кинофильмдер көрсетіліп, концерттер беріледі. Клубтың жанында оқу үйі бар. Кітап оқушы колхозшылардың саны күн санап көбейе түсуде.

Жаңа құрылыстар

Мал басының өсуіне байланысты үстіміздегі жылы жаңадан бірнеше мал қорасы салынбақшы. 150 сыйыр тұратын бір қора, 100 бас сыятын төл үйін салу жұмысы аяқталып келеді. Өсімдік майын ағызатын аппарат және тақтай тілетін ара орнатылып жатыр. Бұлардан басқа колхоз басқармасының кеңсесіне арнап 5 бөлмелі үй салынып болуға жуық.

Көзір колхозда двигатель күшімен жұмыс істейтін дірмен салынып жатыр. Жұбықта құрылыс жұмысы аяқталып, дірмен жұмысқа қосылады.

Сүт тапсыру жоспары

орындалды

Колхоз сауыншылары сүт сауудағы алған міндеттемелерін абырмен орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Соның нәтижесінде колхоз мемлекетке сүт тапсырудың жарты-жылдық жоспарын мерзімінен 20 күн бұрын орындады. Колхоз машина алу үшін мемлекетке жоспардан тыс 300 литр сүт берді.

Жаңа жел двигателі

Мал фермасындағы адам күшін көп керек ететін ауыр жұмыстар механикаландырылуда. Фермаға жел двигателі орнатылды. Құдықтан су тарту да механикаландырылды. Үстіміздегі жылы ферма қойлары түгелдей электр агрегатымен қырқылады.

Радиоточкалар

Өткен жылы колхозда радио торабы салынған еді. Көзір 150 колхозшының үйінде радиоточка бар. **Б. ЖАҚЫШОВ.**
Полудень ауданы.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстары

Коммунистік партия мен Совет үкметі мұғалімдердің теориялық, педагогикалық және методикалық білім дәрежелерін жетілдіріп, мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту беруге күнбе-күн қажырлық жасап отырады. Жыл сайын июль және июль айларында мұғалімдер үшін арнаулы пәндер бойынша білім жетілдіру курстары ашылады.

6 июльден бастап облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты жа-

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарлары мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысы туралы шетел баспасөзінің пікірі

ФРАНЦИЯ

ПАРИЖ, 11 июль. (СОТА). Францияның газеттері, Франс Пресс агенттігі және радиостанциялары Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабарды толық жариялады немесе оның мазмұнын берді. «Правда» газетінің «Партияның үкметтің, совет халқының мызғымас бірлігі» деген басмақаласын, сол сияқты СОКП Москва комитетінің, Москва қалалық комитетінің Москва және Москва облысының партия активімен басқосқан бірінші пленумы туралы хабарларды және митингтер мен партия активтері туралы хабарларды жариялады.

ПАРИЖ, 12 июль. (СОТА). Париж радиосы мен Франс Пресс агенттігі СОКП Орталық Комитетінің Пленумы туралы хабар жайында әртүрлі саяси қайраткерлердің пікірлерін жариялады.

Министрлер Советінің бұрынғы председателі, радикал-социалистер партиясының депутаты Эдуард Даладье Берияның өшкереленуі «Россияда партияның зор күш болып қалатындығын тағы да айқын дәлелдейтінін» білдірген. Даладье Берияның өшкереленуін Совет Одағының сыртқы саясатына айтарлықтай әсер етпейді деген пікірді айтқан.

Франс Пресс агенттігінің хабары бойынша, бұрынғы министр Жюль Мок былай деп мойындайды: Совет Одағының «өлсіздену» мүмкіншілігіне сенбеу керек, «сол себепті Россия жөнінде қатаң позицияда болмау керек... негізгі даулы мәселелерді шешуге әрекеттену және баянды бейбітшіліктің шарты — жаппай, біржола, бірте-бірте және бақылай отырып қарусыздануға ұмтылу үшін, бұл төрт мемлекеттің ең жоғары дәрежедегі қайраткерлерінің кеңесін ешқандай алғышартсыз шақыруға тырысуымыз керек».

Демократияшыл баспасөз бейбітшіл совет саясатының қандай да болса өзгеруі туралы ешбір сөз болуы мүмкін емес екенін атап көрсетеді.

Пьер Куртад кеше «Юманите» газетінде былай деп жазды: «ССРО-ның бейбітшілдік саясаты бір адамның немесе бір топ адамның саясаты емес, ол Коммунистік партияның XIX съезі белгілеген саясат, демек ССРО халықтарының саясаты. Берияның қылмысты әрекеттерінің өшкереленуі партияның және ССРО халықтарының жеңісі, бейбітшілік ісінің жеңісі, бейбітшіл халықтардың лагерін бөлшектеуге тырысқан, арап ниетпен әрекетке келгенде ешнәрседен де жиренбейтін адамдардың жеңілісі».

ИНДИЯ

ДЕЛИ, 13 июль. (СОТА). Индияның

«Морган-тидинген» газеті басмақаласында былай деп жазады. «Берияның құлауын көзіргі партия және мемлекет басшылығының ұғысы және табысы деп тану бәрінен де дұрыс болады; бұл басшылық партияның барлық ұрпақтарының өкілдері болып отырған, барлық жағынан төжирбелі және сыннан өткен партия қайраткерлерінен құралған... Іс берік тоналған партия басшылығының жат элементтен құтылғандығында».

ДАНИЯ

КОПЕНГАГЕН, 11 июль. (СОТА). «Ланд ог фольк» газеті бүгін Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабарды және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын жариялады.

«Ланд ог фольк» редакциялық мақаласында Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы әрекетін өшкерелеп беруінің нәтижесінде Совет Одағының ішкі, сол сияқты, сыртқы саяси жағдайы нығая түсетінін атап көрсеткен.

«Берияның ісін, — дейді онан әрі газет, — аса шиеленіскен халықаралық жағдайға байланысты қарау қажет. Бұл шиеленіскен жағдайда соғыс күштері және Совет Одағы мен бейбітшіліктің жаулары, бейбітшілік лагерін, еналды мен оның авангарды — Совет Одағына нашарлату, бережесін кеті, мақсатымен барлық түрдегі қаруды пайдаланады».

Мұншама көп сыннан өткен және Коммунистік партияның басшылығымен бүкіл дүниежүзілік-тарихи істі аяқтап, социалистік қоғам орнатқан совет халқы көзірде де өз қатарын Ленин-Сталин партиясының, ұлы совет халқы езушіліктен және құлдықтан бостандыққа, игілікке және социализмге жеткізген партияның төңірегіне берік топтастыра біледі. Совет Одағының Коммунистік партиясын жасақтап шығарған және оған жеңімпаз күш беріп отыратын совет халқы өзінің қатарын мұнан да тығыз топтастыра біледі, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік, өз елінің игілігі және бейбітшілік жолындағы күресті онан әрі жүргізіп, күшейте біледі.

ФИНЛЯНДИЯ

ХЕЛЬСИНКИ, 11 июль. (СОТА). Бүгін газеттердің бәрі СОКП Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабарды түсіндіруде. «Тюэкансан саномат», «Вапаа сана» және «Хельсингин саномат» газеттері «Правда» газетінің 10 июльдегі «Партияның үкметтің, совет халқының мызғымас бірлігі» деген басмақаласын толық жариялады. Астананың басқа газеттері бұл мақаланың мазмұнын берді.

Тыңшы іске қосу жемісін дайындаудан көп адам мен көлік күшін босатады.

Әдетте 500—600 центнер шөптің адам және көлік күшімен шөмелеуі және маяға салу үшін 75—80 адам, 60 жұмыс көлігі және 30 арба керек болар еді. Ал, шөп жыйнағыш-маялағышты жұмысқа пайдалану — жеміштің ыраққа ұшырамай, жауын-шашынға тиіп-бүлінбей, құнарлы күйінде жыйналуына, пішін шабу мен маялаудың арасында алшақтықтың болмауына зор мүмкіндік береді. Міне, сондықтан облыс механизматорлары пішінді атжалдан жыйнап, шөп шабу мен маялауды ұштастыра жүргізу үшін пішін жыйнағыш-маялағыштар жасап, оларды зейінен пайдаланулары керек.

Бұл шөп жыйнағыш-маялағыш негізгі бес бөлшектен құралады. Олар: рама, жыйнағыш механизм (подборщик), шынжырлы планкалы транспортер, трансмиссия және сүйретпе (волокуша). Шөп жыйнағыш-маялағышты жасауға бракка шығарылған «СЗК» комбайндарының бөлшектері пайдаланылады. Енді осы негізгі бес бөлшектің құрылысына және қызметіне тоқталайық.

1. РАМА

Раманың алдына «СЗК» комбайнның кіші доңғалағы, кейінгі жағына оның екі үлкен доңғалағы қатар орнатылған. «СЗК» комбайнның рамасына ерекшелігі сол — шөп жыйнағыш-маялағыштың оң жағынан көмекші кішкене доңғалақ орнатылған. Бұл раманы жұмыс үстінде қыйсайып, ешнудан сақтайды. «СЗК» комбайнның рамасы өзінің оң жақтағы шөптеріне дейін кесіліп, қысқартылған және оның көлденеңі 160 сантиметрге дейін кеңейтілген. Бұл шөп жыйнағышты (подборщикті) монтаждап бекітуге қолайлы жағдай жасайды.

2. ШӨП ЖЫЙНАҒЫШ (ПОДБОРЩИК)

Шөп жыйнағыштың валы «45x45x6» темірден жасалып, оған екі № 11305 шарикті подшипник орнатылған. Валға төрт қатарлы штафтер бекітілген. Штафтердің саны — 68. Шөп жыйнағыштың екі жағына дискелі қалқан орнатылған. Дискелі қалқан валдың түбіне шөптің оралмауына, шөптің транспортерге бағыт-

тағына диаметрі 25 миллиметрлік вал орнатылған. Валдар шарикті подшипниктер арқылы айналып тұрады. Жоғарғы валдың тартушы күші болса, төменгі валдың бастаушы күші бар. Валдарда «ЖМ—60» маркалы жұлдышалар бар. Транспорттердің бастаушы валына сақпағыш муфта орнатылады. Транспорттердің алдыңғы жағы раманың көлденең биігімен жалғастырылған.

4. ТРАНСМИССИЯ

Трансмиссия раманың сол жағында. Сол жақтағы үлкен доңғалаққа «ГАЗ А—А» автомашинасының дискесінен жасалған 44 тісі бар жұлдыша бекітілген. Рамамен кронштейн байланыстырылып, кронштейнге вал орнатылады. Вал бір жағынан шынжырлар мен жұлдышалар арқылы шөп жыйнағыш-маялағыштың М—50 бөлшегімен байланысады, екінші жағынан валға «СХТЗ» тракторының № 64 шестеріне кіргізіледі. Вал екі шарикті подшипник арқылы айналып № 37—5 шестерімен байланысады.

Валдың сол жағына «МА—63» зубчатқалар кінгізілген. Бұл транспорттердің қозғалысқа келіп, жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ал, транспорттердің бастаушы валының оң жағына «ЖМ—60» зубчатқасы орнатылып, шөпті жыйнаушы механизмнің (подборщиктің) айналып жұмыс істеуіне мүмкіншілік туғызады. Ал, осы механизмнің валына «Ж—11» зубчатқасы кінгізілген. Бұл екі вал өздерінің зубчатқаларымен шынжыр арқылы байланысып, бірлесіп транспортер мен шөп жыйнаушы механизмді қозғалысқа келтіреді.

5. СҮЙРЕТПЕ (ВОЛОКУША)

Сүйретпенің ұзындығы 6 метр, көлденеңі 4 метр, қабырғаларының биіктігі 2 метр. Сүйретпе ағаштан жасалады. Оның қабырғаларына ағаштан жақтау қағылған. Жақтау ағаштарының арқайсысының арасы 20—25 сантиметр. Сүйретпенің астыңғы жағында да 10 ағаштан жасалған жақтау бар. Бұл сүйретпеге шөпті жыйнау үшін керек.

Сүйретпе машинаға темір тіркегіштер арқылы жалғастырылған. Тіркегіш диаметрі 35 миллиметрлік темірден жасалып, шөп жыйнағыш подборщик пен және рамамен байланыстырылады. Сүйретпенің алдыңғы жағында 2 кішкене доңғалағы

арқылы шөптің жұқалығы мен қалыңдығына қарай трактордың жылдамдығын біресе тездетеді, біресе баяулатады.

— Шөп жыйнағыш-маялағыштың өнімді жұмыс істеуі, — дейді тракторшы Брюшкевич жолдас, — тракторшыға да байланысты. Шөбі қалың жерде трактордың жылдамдығы мөлшерден артық болса, онда шөптің бункерден сүйретпеге баруы ауырлайды, сөйтіп транспортер шөпті жіберіп үлере алмайды. Сондықтан да тракторшының жұмысты ұқыптылықпен, шөп жыйнағыш-маялағыштың ыңғайына қарай істеуі керек.

Машинист регуляторшы Аркадий Андреев машинаның көтерме механизмін (регуляторын) басқарып, әрбір механизмнің жұмыс істеуін үздіксіз бақылап, қамтамасыз етіп келеді.

Бункерден сүйретпеге түскен шөптерді реттеп үйіп, маяға салушы колхозшылар Сахаров, Дергунова, Парошина, Горьянкин, Лахтина, Криворотова жолдастардың қажырлы еңбектері ерекше көзге түседі. Машинаның механизмі қандай жылдамдықпен жұмыс істесе, олар да соған сай шапшаңдықпен еңбек етеді. Олардың бар мақсаты — машинаны тоқтатпай, шөпті көптеп маялау.

Бұл күні колхозда шөп жыйнағыш-маялағышпен 500 центнерден астам шөп маяға салынды. Бұрын осы көлемде шөпті атжалдан маяға салу үшін кемінде 70-80 адамы мен жұмыс көлігі және 30 арба жұмыс істейтін еді. Кәзір мұнда шөп маялауда алты-ақ адам жұмыс істейді.

Бұдан бұрын осы машина «Красный агроном» колхозында жұмыс істеді. Мұнда шабылған шөп түгел маяға салынып, бұл жұмыстар арасындағы алшақтық жойылды. Шөп жыйнағыш-маялағыш «Путь к коммунизму» колхозында енді 2—3 күн жұмыс істегеннен кейін МТС қамтуындағы «Путь Ильича» колхозына бармақ.

Мұндай шөп жыйнағыш-маялағыш машинаны әрбір МТС-те жасауға болады. Ол жемісін дайындауда, әсіресе, ондағы ең күрделі жұмыс — шөп маялауды механикаластыруда зор роль атқарады.

Т. КӘДІРОВ.

«Ленин туының» арнаулы тілшісі.

СУРЕТТЕ: шөп жыйнағыш-маялағыштың «Путь коммунизму» колхозында жұмыс істеп жүрген кезі.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Машиналар өнімді пайдаланылсын

«Красное поле» колхозындағы (Совет ауданы) № 3 трактор бригадасы жемісін дайындауда төзгісіз артта қалып отыр. Бригаданың шөп шабуға кіріскеніне көп уақыт болды. Содан бері ол 200 гектардай ғана шөп шапты.

Бригаданың жемісін дайындауда мұншалықты артта қалуының себебі неде? Мұнда еңбек нашар ұйымдастырылған, пішін шабуға машиналар мүлде өнімсіз пайдаланылуда. Бригадада шөп шабуға бір тракторға тіркелген 4 ат шөп машинаны жұмыс істеп, бұлармен күн сайын 28 гектар шөп шабуға тиіс болса, бұдан небары үш шөп машинасы ғана

іске қосылған, олармен күніне 7-8 гектар жердің ғана шөбі шабылады. Трактордың немесе машиналардың сынып, босқа тұруы жиі кездеседі. Бригаданың бригадирі Мұхамеджанов жолдас машиналарға, тракторларға техникалық күтімнің уақытылы, тырнақты жасалуын қамтамасыз етпей келеді. Тұрасын айтқанда, ол жайбарақаттыққа салынып, бригадаға неғұрлым басшылық жасамай жүр.

Жеміштің беріс қорын жасау мүддесі бригаданың жұмысындағы аталған кемшіліктерді батыл жойып, еңбек өнімділігін арттыруды талап етеді.
Ә. МҰХАМЕТОВ.

Пішіншілер қажырлы еңбек етуде

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың № 3 бригадасының мүшелері жемісін дайындауда қажырлы еңбек етіп келеді. Машинист Бердалын жолдас кең алымды шөп машинасымен күн сайын 35—40 гектар жердің пішінін шауып жүр. Майшылар Ж. Шаниев, С. Тұрғынов, Б. Нұрғалиев, С. Салпықбаев жолдастар өнімді еңбек ете отырып, 5 мың центнер шөпті маялады.

Ш. ҚҰСАЙЫНОВ,
Ж. СЕЙІТБЕКОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

нынан жоғары класс мұғалімдері үшін бір айлық курс ұйымдастырылды. Осы курстарға сабақ беру үшін қаладағы К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институты мен басқа да мектептердің таңдаулы мұғалімдері тартылды.

Физика, математика, география, биология пәндері мұғалімдері үшін ашылған курстың оқу программасы мектептерде политтехникалық оқуды жүзеге асыруға бағыттанып жүргізіледі. Олар өз беттерімен лаборатория жұмыстарын жүргізеді, тәжірибе жасайды. Ал, биология, мұғалімдері ет комбинатына, шағын двигателдер зауыдына, мұғалімдер институтына және сыра зауыдына экскурсияға барады.

Бұл күндері білім жетілдіру курстарында жүзден астам адам оқып жүр. Үстіміздегі жылы қаладағы педагогикалық училищені бітірген адамдардан орта және жетікжылдық мектептердің 5—7 кластарына сабақ беруге мұғалімдер әзірлеу үшін арнаулы курс ұйымдастырылды. Бұл курста 37 адам бар.

Облыс мұғалімдерінің жазғы білім жетілдіру курстары оларға көп пайда келтіреді. Олар алған білімдерін кеңінен пайдаланатын болады.

Қ. БАЗАРБЕКОВ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

Жазғы демалыс күндерінде орталық мектебінің (Ленин ауданы) оқушылары колхоз шаруашылығына көмектесуде. М. Қәкімов пен М. Жарасбаев көлік тырнаушымен күн сайын 6 гектардың орнына 8 гектар жердің шөбін жыйнап жүр. Бірқатар оқушылар шөп шабу, маялау жұмыстарына белсене қатысуда.

С. САУЫТБАЕВ.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК МЕКТЕБІ

Фельдшерлік- акушерлік бөлімнің бірінші курсына қосымша оқушылар қабылдайды. Оқу мерзімі 3 жыл. Мектепке толық орта мектеп көлемінде білімі бар 14 жастан 30 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады. Мектепке түсушілер 10 класс көлемінде мына пәндер бойынша қабылдау емтихандарынан өтеді: ССРО Конституциясы Орыс тілі және орыс әдебиеті (ауызша және жазбаша) Математика (ауызша және жазбаша) Қабылдау емтиханы 5 августтан 20 августқа дейін жүргізіледі. Қабылдау емтиханын 4 пен 5 ке тапсырғандарға стипендия төленеді. Бірінші курске түсушілер жатақханамен қамтамасыз етілмейді. Мектепке түсем деушілер директордың атына арыз жазып, оған мына документтерді қоса беру керек: Кәмелеттік аттестаты (түп нұсқасы), туу туралы куәлігі (нотариустарастаған көшірмесі), өмірбаяны, 3 фотосуреті. Денсаулығы туралы анықтама, тұрған жерінен алған анықтама. Запастағы әскери міндеттілер әскери билетін, шақыру жасындағылар тіркеу куәлігін өзімен бірге ала келеді. Документтер осы жылғы 31 июльге дейін қабылданады. Адрес: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі 4-үй.

ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ СУТ ЗАВОДЫНА

атшы КЕРЕК. Жұмысқа қабылданған адамға пәтер үй беріледі. Жұмыс жайы жөнінде Куйбышев көшесі, 51-үйге, қалалық май заводы мекемесіне келіп түсінік алуға болады.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІ

1953 жылғы 15 июльден бастап өткен жылдары мектепте оқыған оқушыларды тіркеуге алады және фортепиано, скрипка, баян және домбыра бөлімдеріне жаңадан оқушылар қабылдайды. Адрес: Пананын көшесі, 81-үй.

баспасөзі ССОП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы туралы, партия комитеттерінің партия активімен басқосқан пленумдары туралы және халықаралық империализмнің малайы, сұрқыя азғын Берияның қылмысты әрекетіне бүкіл совет халқының қатты ашумен ызаланғанын дәлелдейтін еңбекшілердің жыйналыстары туралы хабарларды жариялады.

«Нейшял геральд» газеті советтік мемлекеттік құрылыстың мызғымайтын атап көрсетті.

ШВЕЦИЯ

СТОКГОЛЬМ, 12 июль. (СОТА). Газеттер Совет мемлекетінің жауы Берияның қылмысты әрекеттері туралы ССОП Орталық Комитеті Пленумының қарарын түсіндіруде.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 июль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 16 июльде мынаны хабарлады: Өткен күні халық әскерлері Синмоктом және Андон ауданында жергілікті

«Тювансан саномат» газеті баспаханасында совет халқының жауы, халықаралық империализмнің агенті Берияның өшкерегенуі халықаралық реакцияға және оның эраудатушылық саясатына қатты тиіп жатқанын жазды. Мұның өзі реакцияның қоғамдағы барлық азғындарды қорғауға, адамзаттың қандай да болса сілімтіктері мен байланыс жасауға әзір екенін көрсетеді.

Берияны өшкерелеп, Совет Одағының Коммунистік партиясы, деп жазады газет, жұмысшы табына қынап жасаушы опасыздарды, қандай жоғары орындарға отырғып алса да, өз қатарынан аластап қуып шығаратынын барлық коммунистік және жұмысшы партияларына, барлық жұмысшыларға тағы да көрсетті.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясының мазмұнамасы

ПЕКИН, 16 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін төмендегі мазмұнаманы жариялаған.

маңызы бар ұрыстар жүргізді. Бүгін халық әскерлерінің зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 4 самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зияндады.

Редактордың орынбасары
Е. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПОЛК ҚЫЗЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Қызыл крест қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті өндірістен қол үзбей оқу үшін медициналық сестралар дайындайтын курсқа оқушылар алады. Оқу мерзімі бір жарым жыл.

Оқуға орта мектептің 7 класс көлемінде білімі бар 17 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады.

Оқуға түсемін деушілердің Петропавл қаласы, Красноармейск көшесі, 12-үйге, Қызыл крест қоғамының облыстық комитетіне келіп түсінік алуларына болады.